**Астана қаласы әкімдігінің «Дәулет»МКҚК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелірін жария талқылау**

# Х А Т Т А М А С Ы

**Астана қ.** **9 маусым 2025 ж.**

Өткізу орны: *(Астана қ., Қордай көш., 6)*
Өткізу уақыты: 10 сағат 00 минут
Қатысқандар: Кәсіпорын басшысының орынбасарлары, әкімшілік -құрылымдық бөлімшелердің басшылары, әкімшілік-басқару персоналы және олардың қызметкерлері

**Күн тәртібі:**

Астана қаласы әкімдігінің «Дәулет» МКҚК (*ары қарай - Кәсіпорын*) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

**Комплаенс-менеджер Кужахметов Д.С.:** Кәсіпорын басшысының 24.04.2024 жылғы №20 н/қ бұйрығы негізінде 2025 жылдың 2 мамыр мен 16 маусым аралығында Кәсіпорында 2024 жылғы кезең бойынша жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (*ары қарай – СЖТІТ*) жүргізілді.

СЖТІТ екі бағыт бойынша жүргізіледі:

1) Кәсіпорын қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2) Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау және бағалау Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына», Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсыныстарға» сәйкес жүргізілді.

СЖТІТ келесі принциптер негізінде жүргізілді:

1) объективтілік;

2) шынайылық;

3) ашықтық;

4) жан-жақтылық.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын-алу» №4 ҮББ жобаларын атқару жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес СЖТІТ нәтижелері бойынша жария талқылауды өткізу қажет. Талқылауға барлық ниет білдірген және мүдделі адамдардың қатысуына болады.

2 маусым 2025 жылы Кәсіпорынның ресми веб-сайтында Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін жария талқылаудың басталатындығы туралы хабарландыру жарияланды.

СЖТІТ нәтижелері бойынша жұмыс тобы сараптамалық анықтама дайындады және ішкі талдау ұсыныстары талқыланды.

Сараптамалық анықтамада берілген ақпарат шынайы болып табылады. Кәсіпорын қызметіндегі СЖТІТ жүргізу рәсімі бұзушылықтарсыз өткізілді.

**Әкімшілік-шаруашылық мәлелелері жөніндегі басшының орынбасары** **Н. Салимгараев**

**Спорт жөніндегі басшының орынбасары** **М. Шарденбаев**

**Бас есепші** **Ж. Мукушева**

**Мемлекеттік сатып алу және кадр жұмысы бөлімінің басшысы** **А. Танабаева**

**Комплаенс-менеджер** **Д. Кужахметов**